

*Апашева Сабир Нурбаевна<sup>1</sup>, Бухарбаев Мурат Сапарович<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Сырдария университетінің кафедра меңгерушісі тарих ғылымдарының кандидаты,  
[sabira66\\_66@mail.ru](mailto:sabira66_66@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Сырдария университетінің 2курс магистранты*

## **ОРТА МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Аңдатпа*

Ғылым мен техника жетістерінің педагогика мен оқыту салаларына жылдамдықпен енгізілуіне байланысты «ес-кірген» дәстүрлі білім беру жүйесін жаңартылған, сыннан өтіп жатқан заманауи педагогикалық технологиялармен алмастырудың педагогикалық шарттары мен мүмкіндіктерін анықтаудың маңыздылығы заман талабы болып табылуда. Сол аталмыш педагогикалық технологиялардың қатарына диалогтік оқыту технологиясы да енері сөзсіз. Диалогтік оқытуды талдамас бұрын бұл оқыту технологиясының негізінде диалог жататындығын айта кетіп, диалогтің мәні мен мазмұнын анықтап алсақ. Түрлі түсіндірмелік-анықтамалық оқулықтарды «диалог» сөзін «екі адам немесе екі жақ арасындағы келіссөздер немесе келісімдер» деп келтірілген. Яғни, оқыту процесінде тек педагогтің сөзсімен ғана емес білім алушылар арасында, біздің тақырыбымыз бойынша оқушылар мен мұғалім арасында, кейіннен оқушы мен оқушы арасындағы пән тақырыбын талдау, пікір-таластар ұйымдастыру, дөңгелек үстел, т.с.с. тәсілдерді сабақта кеңінен араластырып қолдану-осы аталғандардың негізінде диалогтік оқыту технологиясы жүзеге асырылады.

Қоғамның дамуының қазіргі кезеңі, елімізде болып жатқан түрлі өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, оқытушы іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді.

Қазіргі заман диалогтар заманы. Қазірде бар адамның ой-тұжырымы тыңдалады. Барлық мәселелер диалогқа түсу арқылы шешіледі десек қателеспейміз. Сондықтан диалогты оқыту процесіне енгізудің тәжірибелерін сыннан өткізу біздің педагогикалық тәжірибелеудің негізгі нысаны. Қазақстан тарихы сабағында диалогтың бір бөлшектерін сабақ кезеңдерінде қолдануға оңтайлы.

Мақалада орта мектеп жағдайында Қазақстан тарихы сабағында диалогтік оқытуды қолданудың педагогикалық негіздері қарастырылған.

**Кілт сөздер:** инновация, педагогикалық технология, диалог, диалогтық оқыту, интерактивтілік, сократтық диалог

*Apasheva Sabira Nurbaevna<sup>1</sup>, Bukharbayev Murat Saparovich<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*The head of the Department of Syrdarya University is a candidate of historical Sciences.  
[sabira66\\_66@mail.ru](mailto:sabira66_66@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Magistrant of the 2nd year of Syrdarya University*

## **THE PEDAGOGICAL BASIS FOR THE USE OF DIALOGIC LEARNING THE LESSONS OF HISTORY OF KAZAKHSTAN IN TERMS OF HIGH SCHOOL**

*Abstract*

Due to rapid introduction of scientific and technological developments in pedagogy and education, it is relevant to determine the pedagogical conditions and opportunities for replacing the “outdated” traditional education system with approved modern pedagogical technologies. Undoubtedly, the technology of interactive learning is one of such pedagogical technologies. Before proceeding with the analysis of dialogue learning, it is important to define the essence and content of a dialogue. In various explanatory textbooks, the word "dialogue" is referred to as "negotiations or agreements between two people or two parties." In this regard, it is clear that dialogue in the learning process does not consist only of the teacher's explanations, but also includes discussions among students, between students and teachers for the purpose of analyzing the subject of the lesson. In our opinion, extensive use of the abovementioned interactive learning technologies leads to achievement of dialogue techniques in the lessons. The current stage of development of society, various changes taking place in the country require a new approach to the educational system.

The present time is the time of dialogues. Now everyone's opinion is welcomed and important. It is important to emphasize that there is no issue that could not be resolved through a dialogue. Therefore, testing the experience of introducing dialogue into the educational process is the main form of our teaching practice. In the lessons of the history of Kazakhstan, it is best to use specific parts of the dialogue.

The article discusses the pedagogical basises of use of dialogic teaching of the history of Kazakhstan in secondary school.

**Key words:** innovation, pedagogical technology, dialogue, dialogic teaching, interactivity, Socratic dialogue.

*Анашева Сабира Нурбаевна<sup>1</sup>, Бухарбаев Мурат Санарович<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Заведующий кафедрой университета Сырдария, кандидат исторических наук.*

[sabira66\\_66@mail.ru](mailto:sabira66_66@mail.ru)

*<sup>2</sup>Магистрант 2 курса университета Сырдария*

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРИМЕНЕНИЯ ДИАЛОГИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

### *Аннотация*

В связи с быстрым внедрением научно-технических достижений в педагогику и образование актуальным является определение педагогических условий и возможностей для замены «устаревшей» традиционной системы образования, апробированными современными педагогическими технологиями. Несомненно, технология интерактивного обучения - одна из таких педагогических технологий. Прежде чем приступить к анализу диалогового обучения, скажем, что эта технология обучения основана на диалоге, и давайте определим сущность и содержание диалога. В различных пояснительных учебниках слово «диалог» упоминается как «переговоры или соглашения между двумя людьми или двумя сторонами». То есть в процессе обучения не только слова педагога, но и среди учащихся, между обучающимися и преподавателями, для анализа предмета, организации дискуссий, круглых столов и т.д., согласно нашей теме. Обширное использование методик на занятиях – достигается путём вышеизложенных технологий интерактивного обучения.

Современный этап развития общества, различные изменения, происходящие в стране, требуют нового подхода к образовательной системе обучения.

Нынешнее время - время диалогов. Сейчас приветствуется мнение каждого. Можно с уверенностью сказать, что все вопросы можно решить путем диалога. Поэтому проверка опыта внедрения диалога в учебный процесс - основная форма нашей педагогической практики. На уроках истории Казахстана лучше всего использовать отдельные части диалога.

В статье рассмотрены педагогические основы использования диалогического обучения истории Казахстана в средней школе.

**Ключевые слова:** инновация, педагогическая технология, диалог, диалогическое обучение, интерактивность, сократический диалог.

**Кіріспе.** Дәстүрлі білім беру монологтік сипатқа ие болып, адамды келесідей тұжырым астында қарастырады: оқушы-ол таза парактай, ол паракты жазбаша мағлұматтарымен толтыру керек. Оқушы қаншалықты жазбаша мәліметтермен толтырылған болса, соншалықты ол білімді саналады.

Қазақстан тарихы курсы бойынша дайын мағлұматты берудегі тағы бір мәселе: мағлұматты берудегі оның өзгергіштігі: жыл сайын еліміздің тарихына қатысты жаңа оқиғалар мен белгісіз тұлғалардың, мән-жайлар туралы мәліметтер қосылуда. Ал, егер біз оқушыны «қатып қалған» белгілі бір шаблонда ғана оқытатын болсақ дайын мағлұматпен ғана шектелсек онда оқушының информация ағымы заманындағы жаңа дүниені меңгеру, ұғынуды кешеуілдейді. Өйткені шынайылықтың құбылмалы заманында мағлұматты біз ірізділікпен топтастыру арқылы оқушыларға дайындап жеткіземін дегенше мағлұмат өзгереді. Сондықтан да Қазақстан тарихы сабағын жаңа инновациялық технологиялар, оның ішінде диалогтың оқыту технологиясын ұсынылады.

Диалог-сабақтың өз деңгейінде өтілуіне әсер ететін оқу құралдарының бірі. Егер адам оңай диалогқа түсе алатын болса, адамда ғылымилық қабілеті бәсеңдейді, алдына міндеттер қою, іздену, ой-бөлісу іспеттес қабілеттері төмен болады. ең бастысы өзгенің ой-тұжырымдарын тыңдай және сол пікірлерді қабылдау іспеттес маңызды қасиеттер байқалмайды.

Диалог дегеніміз бұл оқушылар арасындағы өзара ой алмасу. Оқушы сабақтың тақырыбына сәйкес өз ойын білдіреді, пікір-талас немесе дебат ретінде сабақ жүргізіледі, соңынан оқушы басқаның ойын құрметтеуді үйренумен бірқатарда сабаққа деген, ізденуге деген ынта-ықыласы арта түседі. Сонымен қатар қазіргі заманауи педагогикалық технологиялардың басты мақсаты-оқу үрдісінде оқушылардың өз бетінше білім ізденуіне жол ашу болса, диалогтік оқыту технологиясының да мақсаты-оқушының ізденімпаздығын өз бетінше іс-әрекеттері арқылы дамыту.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім мағлұматты беру қызметімен шектелсе, диалогтік оқыту жүйесінде мұғалімнің басты қызметі-оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне оңтайлы жағдай жасау. Осы міндеткерліктердің барлығы сабақ барысында диалог негізінде жүргізіледі. Мұғалім оқушылардың топтасып пікір-таласқа немесе диалогтың басқа да тәсілдері арқылы өтілетін сабаққа деген оқушының ықыласын арттырып, оқушының өз қалауымен ізденімпаздыққа, жаңа нәрсені үйренуге итермелейтіндей сабақты ұйымдастыра білуі талап етіледі.

Диалогтік оқытудың тағы бір артықшылығы-психологиялық жағы. Адам топтасып өмір сүретін әлеуметтік тұлға екені белгілі. Адам психикасы топтасып өмір сүруге бейімделген, топтасып іс-әрекет етуге де үйренген. Сонымен бірге Маслоу қажеттіліктер пирамидасы бойынша да бір топтың мүшесі болуы адамның маңызды

қажеттіліктерінің бірі екенін ескерсек, дәл осы диалогтік оқыту сол қажеттілікті қанағаттандыра алады деп айта аламыз. Өйткені, диалогтік оқыту барысында сынып оқушылары екіге немесе үшке, тіпті кейде төртке ажырап, өзара топтасып дебат, пікір-таластар немесе диалогтар ұйымдастырады. Топтасып жұмыс жасау тәсілі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, топішінде ортақтасуға, өзара тіл табысуға да әсер етеді.

Диалогтық оқыту технологиясы-білім алушылар мен оқытушының шешімді бірге іздеуін, оқыту процесінде өзара белсенді тілдік қатынаста болуын, бір-бірінің пікірін, ойын, көзқарасын сыйлауға, құрметтеуді қажет ететін жаңа инновациялық амал-тәсіл. Диалогтық оқыту технологиясы-білім алушылар мен оқытушының шешімді бірге іздеуін, оқыту процесінде өзара белсенді тілдік қатынаста болуын, бір-бірінің пікірін, ойын, көзқарасын сыйлауға, құрметтеуді қажет ететін жаңа инновациялық амал-тәсіл.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Ғылыми жариялымның мақсаты- Қазақстан тарихы сабағында диалогтік оқытуды қолданудың әдістерін теориялық және әдіснамалық тұрғыдан талдау, педагогикалық эксперимент жүргізу арқылы салыстырмалы түрде анализ жүргізу, өзіндік тұжырымдар мен ұсыныстар жасау.

Мақаланы жазу барысында келесідей ғылыми әдістер қолданылды:

1) зерттеудің жалпы-логикалық әдістері: анализ және синтез, жүйелілік, аналогия;

2) эмпирикалық зерттеу әдістері: салыстыру, бақылау, сипаттама жасау. Зерттеудің мәселесі, мақсаты мен міндеттері зерттеудің келесідей **әдістерін** тандап алуға негіз болды, ол әдістер келесідей:

1. Теориялық әдістерге:

- Зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдіснамалық әдебиеттерді талдау;

- Қазақстан тарихы пәніне арнайылған (негізделген) оқу бағдарламалары мен стандарттарын, оқу-әдістемелік кешендеріне анализ жасау, озат педагогикалық тәжірибені байыту.

- Оқылым әдістерін саралау.

- Бақылау;

- Тестілеу;

- Диагностикалық-тестік байқау жүргізу;

- Тәжірибелік жұмыстар нәтижелерін статистикалық өңдеу;

- Қорытындылау.

**Талқылау.** Диалогтік оқытудың педагогикалық мүмкіндіктері мен жолдары, тәсілдері туралы зерттеушілер қатарына келесі авторларды атай аламыз: И. А. Зимняя, В. Болотов, Н. И. Волков, Р. Джонсон, Дж. Спиро, Д. Джонсон, Е. В. Коротаева, Н. А. Морева, В. В. Рубцов, А. Ю. Уваров, Р. Л. Хон, Г. А. Цукерман.

Диалогтік оқыту технологиясының оқыту процесіндегі кезеңделуіне тоқталған И. Зимняя оқытудың диалогтік түрін орта мектепте ұйымдастырудың келесідей бірізділікті сақтауды ұсынады:

-оқу материалымен оқушыларды немесе білім алушыларды таныстыру.

-оқу материалының өзекті мәселесін анықтау, оқушылардың немесе білімгердің алдына көкейтестілігі басым мәселені алға тарту.

-оқу материалының өзекті, бүгінгі күнде шешімін табуды талап ететін мәселені оқушыларды топтастыру арқылы шешу жолдарын қарастыру.

-оқытудың ақпараттық технологияларына негізделген сабақ.

-оқушының өзіндік ойлауына, эмоция-сезімі мен іс-әрекеттеріне өзіндік бақылау жасауы.

Диалогтың педагогика саласында қолданылу мүмкіндіктері мен шарттарын зерттеушілер қатарына: М. М. Бахтин, Л. А. Беляева, В. С. Библер, М. Бубер, Г. Буш, М. С. Каган, Е. И. Казакова, Т. Б. Казачкова, М. В. Кларин, И. А. Колесникова, Е. В. Коротаева, Ю. Н. Кулюткин, С. Ю. Курганов, Л. М. Лузина, М. Н. Певзнер, А. П. Тряпицына атап өтуімізге болады.

ТМД аумағындағы педагогтардың ішінде психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде диалогтік оқыту мәселесіне арналған зерттеулер саны жеткілікті. Оларға:

-қарым-қатынастың педагогика саласындағы алар орны мәселесін зерттеушілерге: Б. Г. Ананьев, А. А. Бодалев, Л. С. Выготский, Б. Ф. Ломов, А. В. Петровский;

-педагогикалық психология саласында өзара байланысқа негізделген педагог пен оқушының, оқушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық үрдістегі алатын ролін зерттеушілер қатарына: В. А. Кан-Калик, А. В. Мудрик, В. А. Сухомлинский;

-оқушы мен оқушы арасында, ең бастысы оқушы мен педагог арасындағы педагогикалық қарым-қатынастағы диалогтың маңыздылығын зерттегендер қатарына: А. К. Маркова, Т. К. Мухина, Г. А. Цукерман.

-диалогтік оқытудың мәні мен мазмұнына қатысты анықтамалық-терминдік тұстарын анықтағандар қатарына: М. М. Бахтин, М. А. Глушенко, Г. М. Кучинский.

-орта мектепте, жалпы білім беру мекемелерінде диалогтік оқытудың енгізудің педагогикалық шарттары мен мүмкіндіктерін зерттеген қатарына: Т. А. Ильина, М. В. Каминская, Е. В. Коротаева, С. Ю. Курганов, В. Ф. Литовский, Е. Л. Мельникова, С. Л. Рябцева.

Келесі бір зерттеуші Е.А. Зайцева оқу диалогының оқушының дамуы мен тәрбиеленуіндегі ролі мен маңыздылығын анықтауға тырысып, сабақ барысында сабақ пен оқу үрдісіне емес, баланың ішкі жан дүниесіне назар аударуды ұсынады. Бұл дегеніміз, диалог жасауда (сабақ үстінде) оқушының диалогқа деген ынтасы мен ықыласы, диалог тақырыбына, талқыланып жатқан мәселеге деген құштарлығын бақылау арқылы ғана диалогтік оқыту технологиясы зор жетістіктерге әкеледі деп сенеді.

Қазақстандық авторлардан Г.В. Мустакимова диалогтік оқытудың келесі бір түрі веб-семинар сабағында ЖОО шеңберінде диалог арқылы оқытудың тиімділіктері мен ерекшеліктерін анықтаған. Дегенмен, автор диалогтік оқыту арқылы шет тілі мамандығы білімгерлерінің қарым-қатынасқа түсу арқылы тіл біліктілігін арттырудың педагогикалық шарттарын қарастырған.

Отандық авторлардың тағы біреуі Мукаева А.Т. орта мектепте жаратылыстану пәндері бойынша оқушының танымдық және интеллектуалды дамуына сабақ барысында диалог элементтерін қосудың артықшылықтарын атап өтіп, автор әңгімелесу мен диалог арасындағы ұғымдарды біріктірді де, сабақ барысында оқушылар мен мұғалім арасында диалог жүргізу арқылы өтілетін сабақтың келесідей артықшылықтарын атап өтті:

-тақырып бойынша жеке ой-тұжырымдардың қалыптасуына түрткі болады.

-оқушы өз серікігінің ойын есту арқылы басқаның өзіндік ой-тұжырымдары барлығын түйсіне алады.

-оқушылардың өз ой-тұжырымдарын өзі түсініп, диалог арқылы басқаға дәлелдермен жеткізуге көмектеседі.

Енді, әдістемелік тұстарына келсек, сабақ барысында диалогтік оқытуды қолданудың педагогикалық шаралары жөнінде зерттеген авторлардың бірі А.Д. Король болатын. Автор сабақ барысындағы дәстүрлі оқытуда тек мұғалімнің өзі сөйлеп, сабақ монолог ретінде өтілгендігін, бұл оқушының бір бағытта ғана білімді меңгергендігін, яғни тек «білімді қабылдаушы» қызметін атқарғандығын атап өтіп, қазіргі заманауи педагогикалық технологияларға негізделген диалогқа негізделген сабақтың артықшылықтарын бізге жеткізе отырып, диалогтік оқытуда ең алдымен сабаққа мақсат пен міндеттерді қою және сол мақсаттарға қол жеткізуде диалогқа, яғни коммуникацияға негізделген сабақ механизмдерін жеке-жеке қарастыру керектігін ескерткен.

Келесі зерттеуші Е.И. Санина диалогтік оқытудың түрлері, Сократтық диалогтың маңыздылығы, Танымдық диалогтың маңыздылығы, танымдық диалог пен сократтық диалогтың ерекшеліктері мен ұйымдастырудағы айырмашылықтары, диалогтік оқытудың формалары, диалогтік оқытуда табысқа жетудің педагогикалық шарттарын зерттеген.

**Нәтижелер.** Диалогты оқыту үрдісінде қолданудың өзіндік шарттары мен тәсілдері бар. Жоғарыда айтқанымыздай «диалог-бұл екі адамның немесе екі тұлғаның арасындағы қарым-қатынас стилі». Осы іспеттес қарым-қатынасты оқыту үрдісінде қолданудың өзіндік ережелері мен механизмдеріне тоқталсақ.

Е. В. Коротаева интерактивті оқыту негіздерін зерттеген әдіскер болғандықтан, осы аталмыш автордың диалогтік оқытуға қатысты тұжырымдарына және де интерактивті оқыту мен диалогтік оқытуды бір технология деп қарастыруын атап өткеніміз жөн болар. Автор диалогтік оқытудың сабақ барысында қолданылуына қарай екі түрге ажыратуды ұсынды, оларға:

-диалог-имитация.

-талқылаушы диалог (Коротаева, 2008: 22-26).

Диалог екі адамның арасындағы әңгімелесу. Дегенмен қарапайым диалог пен оқу диалогының арасында көптеген айырмашылықтар бар. Қарапайым екі тұлғаның арасындағы диалогтың мақсаты мен міндеті, белгілі бір тақырыпты ашу, белгілі бір мәселенің нәтижеленуі үшін талдау жасауға бағытталмайды, қарапайым диалог ешбір реттеусіз, басқарусыз, бақылаусыз-ақ жүріп жатады, ал, оқу диалогының жағдайы өзгешелеу. Қарапайым диалогпен салыстырғандағы оқу диалогының келесідей басты айырмашылықтары мен өзгешеліктері бар:

-оқу диалогында мұғалімнің ролі маңызды. Мұғалім сабақты диалогтық оқытуға негіздеп жобалайды, өзі басқарады.

-оқу диалогының алдына мақсаттар мен міндеттер қойылады. Жалпы сабақтың алдына мақсат пен міндеттер қойылғандықтан оқу диалогының алдына да мақсат та, міндеттер де қойылады. Диалогқа негізделген сабақта оқушыларға белгілі бір тақырыпты жеткізу, ұғындыру басты мақсат етіліп қойылғандықтан, сабақтың алдына арнайы (белгілі бір) міндеттер де қойылады.

-оқу диалогының белгілі бір тақырыпты егжей-тегжейлі диалог арқылы анықтау үшін талдау жұмыстары жүргізіледі. Ал, қарапайым диалог бей-берекет ешбір ретсіз тақырыпты талдау үшін емес, көп жағдайда ой бөлісу мақсатында жүріп өтеді.

-оқу диалогы бір сабақта бір тақырыпты ашуға бағытталғандықтан, уақыты шектеулі. Ал, қарапайым диалогта уақыт шектеулігі жоқ, кез-келген тақырыптан тақырыпқа (диалогқа түсушілердің еркі бойынша) ауысып отыруына мүмкіндіктер бар.

-оқу диалогы жоспарланады. Қарапайым диалогқа қарағанда оқу диалогы бір сабаққа жоспарланады, оқу диалогының басы бар, аяғы бар. Қалай жүріп өтетіндігін мұғалім егжей-тегжейлі жоспарлап, жобалайды (Чижов, 2015: 71).

Қазақстандық авторлардан Г.В. Мустакимова диалогтік оқытудың келесі бір түрі веб-семинар сабағында ЖОО шеңберінде диалог арқылы оқытудың тиімділіктері мен ерекшеліктерін анықтаған. Дегенмен, автор диалогтік оқыту арқылы шет тілі мамандығы білімгерлерінің қарым-қатынасқа түсу арқылы тіл біліктілігін арттырудың педагогикалық шарттарын қарастырған (МУСТАКИМОВА, 2016: 68-71).

Дәстүрлі білім берудің басты мәселесі-оның монолог түрінде ұйымдастырылуында. Дәстүрлі білім берудің мазмұны алдыңғы білім тәжірибесін оқушыларға тек жеткізумен шектеледі. Білімді осы іспеттес жеткізу келесі оқу құрылымдарын ескермейді:

-мақсаттарды.

-мазмұн-мағынасын.

-оқушылардың жеке ерекшеліктерін.

Оқушыларға тәжірибе емес, тек мағлұмат жеткізеді, ал өз басынан өткізілмеген мағлұмат «бөгде» мағлұмат болып, оқушының қабылдауы екі талай жағдайға айналады. Оқушыларға тарихи заңдылықтар, тарихи оқиғалар,

заңнамалар мен жарлықтар дайын түрде ғана ұсынылады да, оқушылар ол тарихи оқиғалар туралы мағлұматтарды ғана жинақталады.

Дәстүрлі білім беру монологтік сипатқа ие болып, адамды келесідей тұжырым астында қарастырады: оқушы-ол таза парақтай, ол парақты жазбаша мағлұматтарымен толтыру керек. Оқушы қаншалықты жазбаша мәліметтермен толтырылған болса, соншалықты ол білімді саналады (Давыдова, 2008: 8-9).

Келесі бір зерттеуші Е.А. Зайцева оқу диалогының оқушының дамуы мен тәрбиеленуіндегі ролі мен маңыздылығын анықтауға тырысып, сабақ барысында сабақ пен оқу үрдісіне емес, баланың ішкі жан дүниесіне назар аударуды ұсынады. Бұл дегеніміз, диалог жасауда (сабақ үстінде) оқушының диалогқа деген ынтасы мен ықыласы, диалог тақырыбына, талқыланып жатқан мәселеге деген құштарлығын бақылау арқылы ғана диалогтік оқыту технологиясы зор жетістіктерге әкеледі деп сенеді (Зайцева, 2014: 167).

Қазақстан тарихы сабағын дәстүрлі білім беру жүйесінде де оқушыларды тарихи оқиғаларды меңгеруге деген қызығушылығын оятуға болады, дегенмен де дәстүрлі білім берудің келесідей кемшіліктері алға тартылады:

1. Қазақстан тарихы сабағын дәстүрлі білім беру жүйесінде оқытуда тарихи оқиғалар алдын ала дайындалған немесе теріп-жинақталған информация түрінде оқушыларға ұсынылады. Енді тарихи оқиғаларды арнайы жинақталған білім бойынша меңгеру нәтижесінде оқушылар шығармашылық тұрғысынан және сыни тұрғысынан ойлану қабілеттелігі қалыптаспайды (дамымайды).

2. Қазақстан тарихы курсы бойынша тақырыптар оқушыларға дайын түрде бере салынса (ұсына салынса) оқушылар өз бетінше ізденбесе, кішігірім ғылыми зерттеулер жүргізілбесе, мағлұматтарды өз бетінше меңгермесе оқушылардың ғылыми-ізденушілік қабілеттері қалыптаспайды, оқушы дайын информацияны «тұтынушы» қызметін атқарады.

3. Тез қарқынымен дамып жатқан ғылыми жарылыстар заманымен бір мезетте дамуға итермелейтін жеке тұлғалық қасиеттер мен қабілеттерді Қазақстан тарихы сабағынан дайын информацияны алу арқылы дамытуға септігін тигізеді ме? Жоқ, әрине.

Сабақ үстінде дайын мәліметтерді ұсыну келесідей теріс әсерінің де бар екенін айта кетейік:

-сабаққа деген оқушылардың ынта-ықыласы мен қызығушылығы азаяды.

-оқушылар өз ой-пікірін бөлісу арқылы мәселені талқылау қабілеті бәсеңдейді.

-сабақты меңгеру дәрежесі төмендейді.

-оқушылардың ғылыми-ізденушілік қасиеттерін жояды.

-оқуға деген мотивациясын болдырмайды.

-сабақты тек мазмұнын жаттап алуға итермелеп, курстың мағыналық-құрылымдық жағын меңгеруге кері әсерін тигізеді.

-оқушының танымдық іс-әрекеттерінің дамуына түрткі болмайды (Белова, 2002: 148).

Қазақстан тарихы курсы бойынша дайын мағлұматты берудегі тағы бір мәселе: мағлұматты берудегі оның өзгергіштігі: жыл сайын еліміздің тарихына қатысты жаңа оқиғалар мен белгісіз тұлғалардың, мән-жайлар туралы мәліметтер қосылуда. Ал, егер біз оқушыны «қатып қалған» белгілі бір шаблонда ғана оқытатын болсақ дайын мағлұматпен ғана шектелсек онда оқушының информация ағымы заманындағы жаңа дүниені меңгеру, ұғынуды кешеуілдейді. Өйткені шынайылықтың құбылмалы заманында мағлұматты бізгізділікпен топтастыру арқылы оқушыларға дайындап жеткіземін дегенше мағлұмат өзгереді. Сондықтан да Қазақстан тарихы сабағын жаңа инновациялық технологиялар, оның ішінде диалогтың оқыту технологиясын ұсынылады (Абакумова, 1997: 3-5).

Қазіргі заман диалогтар заманы. Қазірде бар адамның ой-тұжырымы тыңдалады. Барлық мәселелер диалогқа түсу арқылы шешіледі десек қателеспейміз. Сондықтан диалогты оқыту процесіне енгізудің тәжірибелерін сыннан өткізу біздің педагогикалық тәжірибелеудің негізгі нысаны. Қазақстан тарихы сабағында диалогтың бір бөлшектерін сабақ кезеңдерінде қолдануға оңтайлы (Писарева, 2008: 47).

Қазақстан тарихы сабағында диалогтық оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық эксперимент бойынша біз оқушыларға талқылаушы және анық-қанығына көз жеткізуші сауал қою арқылы сабақты ұйымдастырудың тиімділігін байқадық.

Қазақстан тарихы сабағындағы диалог-оқушы мен мұғалім арасында немесе оқушы мен оқушы арасында жүргізіліп, диалог арқылы келесі қызметтер атқарылады:

-мағлұмат беру.

-интерактивтілік.

-перцептивтілік (Иванова, 1992: 102).

Сабақта қолданылатын диалог түрлерінің ішінде «оқушы-мұғалім» арасындағы диалогы кеңінен тараған. Оқушымен мұғалім арасындағы диалог арқылы оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жол ашады. Ал, оқушы мен оқушы арасындағы диалог арқылы оқушының өз бетінше білім алып, өзі жинақтаған (алған) біліміне өзі баға беруіне, оқу іс-әрекеттерінің дамуына мүмкіндік туады. Мұғалім мен оқушы арасындағы диалогты «тікелей диалог» деп атаймыз. Тікелей диалогта жетекші ролді мұғалім алып, мұғалім диалогты бастайды, анықтаушы және талқылаушы сұрақтар қояды, диалогтың бағыт-бағдарын беріп отырады.

Тікелей диалогқа қарама-қайшы диалог түрін-кері диалог деп атап, мұнда басты роль оқушының өзіне беріледі. Оқушыға алдын ала сабақ тақырыбы беріледі де сабақ барысында анықтаушы, талқылаушы сұрақтар оқушы қояды. Қазақстан тарихы сабағы бойынша әрбір тақырыпты өткенде оқушының сұрақтар қойып, талқылауда сол оқушының өз бетінше ғылыми ізденімпаз тұлға болып қалыптасуына жол ашатын мүмкіндік береді (Коротаева, 2013: 146).

Сабақта жиі қолданылатын диалогтың келесі түрі-оқушы мен оқушы арасындағы диалог. Бұл диалогтың түрі оқушылардың ауызбіршілігінің қалыптасуына түрткі болады.

Тікелей диалогтың мүмкіндіктері:

- оқушының сабаққа деген мотивациясын арттырады.
- мұғалім сабақты қалағанша бағыт-бағдарын бағыттай алады.
- пән тақыраптарынан бөлек пәнаралық тақырыптардың меңгерілуіне жол ашады.
- оқушының ойлану, қиялдану, есте сақтау іспеттес танымдық іс-әрекеттерін дамытады.

Десек те, тікелей диалог дәстүрлі білім беру жүйесіне ұқсас келеді, өйткені оқу үрдісін мұғалім бақылап, басқаруы дәстүрлі жүйеге сәйкес келеді. Сонымен қатар тікелей диалогта мұғалім оқулық пен білім стандарттарына сүйенген күйде тақырып бойынша белгілі нәтижеге қол жеткізуді көздейтін мақсаттар қоюы да дәстүрлі білім беруге ұқсас (Иванова, 2017: 40).

Тікелей диалогтың басты кемшілігі-оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының азаюы, өйткені сабақ барысында дәл дәстүрлі білім беру жүйесіндегі оқу-танымдық іс-әрекеттер қайталанылады. Мұғалім тікелей диалогта арнаы басты жоспарға сүйене отырып, сабақты ұйымдастырады. Тікелей диалогта оқушы тек тыңдаушы қызметін атқарғандай болып оқушы көп жағдайда өз тұжырымдарымен бөлісуді доғарады. Осылайша, тікелей диалог жағдайында, яғни оқушы-«бағынышты» немесе «жауап беріп «тыңдаушы» ролінде, ал мұғалім «басқарып-бағыттаушы» ролінде оқушының өз ойы бар жеке тұлға ретінде қалыптасуына, сабаққа қатысты ынта-ықыласының артуына, кері әсерін тигізеді.

Тікелей диалогқа қарама-қарсы әдіс бұл кері диалог. Кері диалог бойынша әрбір оқушыға жеке индивид ретінде қарап, өз бетінше іздену, өз бетінше ойлану арқылы оқушыны дамыту көзделеді. Егер тікелей диалогта оқушыны білім салатын (жинақтайтын) «құмыра» ретінде қаралса, кері диалогта оқушыны өзі білімділікке бейім (жинақтал-ған) тек сол білімді тәжірибе жүзінде шығару керек деген ұстаным алға тартылады. Оқушыны өз бетінше ғылыми ізденімпаздыққа және білім алуға итермелеп, сәйкесінше жағдай жасау үшін оқушыға өз ілімімен, сәйкесінше жағдай жасау үшін оқушыға өз ілімімен бөлісе алатын, басқаның да көзқарасын ескеретін диалог ортасы қажет. Оқушы диалог арқылы өз дүниетанымындағы элементтермен бөліседі, басқаның пікірлерімен де санасуға үйренеді. Осы іспеттес кері байланысқа негізделген диалогтық оқытуды-кері диалог деп атаймыз (Бренифье, 2016: 128).

Қазіргі білім беру жүйесінде жаппай білім беруге емес әрбір оқушыға жеке-жеке қарап тұлға қалыптастыру басты мақсатқа айналып отыр. Қазақстан тарихы сабағында оқушының өз сыныптасының немесе өз мұғалімінің әрбір тақырып бойынша ой-толғауларын диалог арқылы түйсінуді мен содан өзіндік ойлау және өзіндік тұжырымдарға (көзқарастарды) иелену жолдары жасалуда. Сол үшін де диалогтық оқытудың басты әдіс-тәсіліне оқушыға сұрақ қоюдың маңызды екенін де атап өтейік. Оқушыларға Қазақстан тарихы сабағында бір-біріне немесе мұғалімдерге сұрақ қою жиі тәжірибеде қолданылса оқушы кері диалогта жақсы меңгеретін болады (Иванова, 2016: 134).

Кері диалогта «оқушы-оқушы» және «оқушы –мұғалім» бағытында диалог жүргізіліп, диалогты талқылаушы және анықтаушы сұрақтармен оқушы бастайды, сондай-ақ бүкіл педагогикалық процесс оқушының тұлға ретінде қалыптасуына негізделеді. Кері диалогтың педагогикалық мүмкіндіктері келесідей:

1. Оқушы сұрақ беру арқылы ойлау, ойлану жүйесі дамиды.
2. Оқушының өз құрдастарымен және де мұғалімімен оңтайлы қарым-қатынасқа түсуі арқылы оқушы бойынша білім алуға деген мотивациясы дасиды (Санина, 2011: 108-109).

Енді, 5-сынып Қазақстан тарихы жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша зерттеу және анықтаушы сұрақтарының бірнешеуіне тоқтала кетейік:

I. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі.

1. Алғашқы адамдардың түр-әлпеттерін сипаттап берудің мүмкіндіктері *бар ма?*
2. Алғашқы тас дәуірі адамдарының тұрғын үй ретінде үңгірлерді таңдау себебі *қандай?*
3. Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштің сипаты *қандай?* (сипаттама).
4. Ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігінде қолданған қару түрлері *қандай?*
5. Мезолит дәуірінде басты шаруашылық өзгеріс *неде?*
6. *Қай* кезеңде Қазақстанда жылқы қолға үйретілді?
7. Қола дәуірі мен тас дәуіріндегі ескерткіштердің басты айырмашылықтары және бұл айырмашылықтардың

туындау себептері *қандай?*

II. «Ежелгі көшпелілер өмірі» бөлімі бойынша:

1. Темір дәуірінің басты жаңалығы мен адамдар өміріндегі өзгерістер *қандай?*
2. Көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ұқсастықтары мен басты айырмашылықтарын атаңыздар.
3. Көшпелілердің баспанасының сипаттамасы *қандай?*

III. «Сақтар» бөлімі бойынша.

1. Тиграхауда сақтары *қайда* өмір сүрді?
2. Сақтар туралы қазақстандық археологтардың басты жаңалықтары *қандай?*
3. Есік қорғанынан табылған Алтын Адамның әлемдік өркениеттегі үлесі *қандай?*
4. Сақ тайпаларының мәдениеті мен дүниетанымындағы ерекшеліктері *қандай?*

Жоғарыдағы сұрақтарда «қандай?», «не?», «қайда?», «барма?» сияқты сұрақтар қойылғанын байқай аламыз.

Кері диалогтағы оқушының сұрағында білім жатыр, оқушының әрбір сұрағы білігіне сүйенуіміз керек. Оқушының сұрағы оқушының өз-өзіне бақылауына сүйенеді, өйткені оқушы өзі мәселені сезініп, ішкі

түйсіктеріне негіздеп сұрақтар қояды. Оқушының сұрағы оқушының шығармашылық қабілеті мен оқушының ішкі жан дүниесіне сүйенеді (Суфиянов, 2006: 66).

Король А.Д. оқушының қоятын сұрағын педагогикалық тұрғыдан «қол жетілген білімділіктің жартысы» деп, шығармашылық қабілеттерінің белгісі деп тұжырымдайды. Автор бойынша кері диалогтағы қойылатын сұрақтың келесідей қызметі бар:

- шығармашылық қызметі.
- өз-өзіне бақылау жасау қызметі.
- адамгершілікті қалыптастырушы қызметі.
- дүниетаным мен құндылықты дамытушы қызметі.
- танымдық қызметі (Король, 2013: 83-88).

Кері диалог барысында Қазақстан тарихы сабағында сұрақтың бірізділігі де сақталғаны жөн. Оқушы мәселе бойынша сол мәселені растап немесе жоққа шығаруда бірізділікті, алдын ала дайындалған сұрақтарды топтастырады. Оқушы дайындайтын сұрақтардың келесі түрлерін де ажырата аламыз:

-ойлануға шақыратын сұрақтар. Сабақ тақырыбы мен мазмұнын кеңінен анық-қанығына жетуге итермелейтін сұрақтар.

-сыртқы немесе тысқары сұрақтар. Сабақ тақырыбынан тысқары немесе өткен тақырып бойынша мәселенің байланыстылығын анықтауға бағытталған сұрақтар.

-шығармашыл сұрақтар. Бір пән көлемінде емес бірнеше пәннің өзара байланысын анықтауға бағытталған шығармашыл сұрақтар.

Кері диалогтың көмегімен оқушылардың тек сабаққа қызығушылығы артуымен бір қатарда өзінің пәніне деген және коммуникативті құзыреттілігі қалыптаса түседу, соңында оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туады. Кері диалог келесідей сұрақтардың қойылуына негізделеді:

- «қандай?».
- «қай?».
- «неліктен?».

Әрбір сұрақ оқушының белгілі бір танымдық күйіне байланысты. Мәселен, «қай» сұрағы тарих сабақтарында жиі қолданылатын сұрақтың бірі. Кері диалогта «оқушы мен мұғалім» бағытында сауалнама қою арқылы сабақ жүргізілетіндігін жоғарыда айтқан болатынбыз. Қазақстан тарихы сабағында мұғалім тақырыпты меңгеруге алдын ала жеке-жеке шешілуі тиім мәселе ретінде оқушыға алдын ала ұсынылады (Кудашов, 1999).

Оқушылар сабақ тақырыбы бойынша мәселелерді топтастырып сол мәселелер бойынша қойылатын сұрақтарды жинақтайды. Мұғалім сабақ тақырыбын ұсынып, мемлекеттік бағдарлама бойынша басты мәселелерді ажыратып алады. оқушы «қандай?», «қай?» және «неліктен?» сұрақтарына негіздей отырып, сабақ тақырыбы бойынша дайындалып оқушы мен мұғалім арасында диалог ретінде сауалнама жүріп өтеді.

Сұрақтардың келесі түрі-мұғалім мен оқушылардың арасында сабақ тақырыбы бойынша өзекті мәселенің дұрыстығын не бұрыстығын анықтауға түрткі болатын сұрақтар.

Сұрақтардың келесі түрі «неге» деген сұраққа жауап іздейтін тарихи оқиғаның себеп-салдарын анықтауға көмектесетін сұрақ.

Кері диалогта мұғалімнің де, оқушының да өз ролі бар. Мұғалімнің ролі диалог процесін ұйымдастыруда болса, оқушының ролі сұрақ қойып, мәселені егжей-тегжейлі анықтау және зерттеу жүргізілуінде.

Кері диалогты оқыту процесіне енгізуді зерттеушілер қатарындағы Хуторский А.В. бұл аталған процесті кезеңдерге ажыратты. Кері диалогтың бірінші процесінде оқушы тақырыптан танысады. Сабақ тақырыбына қатысты мәселемен танысу оқушының өз бетінше тұжырымдауы мен ізденуіне мүмкіндік береді, ал дәстүрлі білім беру жүйесінде болса оқушыға дайын, жүйеленген білімді ұсынылады. Кері диалогта дайын мағлұматтардың орнына шынайылықты анықтау үрдісі жүріп жатады. Әрбір оқушы мәселені Қазақстан тарихы сабағында бірінші орында зерттеуші қызметін атқарады.

Хуторский бойынша кері диалогтың екінші кезеңінде оқушылар өзі таныған сабақ тақырыбына сәйкес қол жеткізген тұжырымдаманы қазіргі өмірлік шындыққа сәйкес келе ме, жоқ па соны салыстырады. Ғылым мен білім саласындағы жетістіктер ескерілген күйде оқушы өз ұсынысының шындыққа жанасатыны немесе жанаспайтынын сараптан өткізіп қана қоймай, өзгенің тұжырымдарына құлақ асуға да үйренеді (Абакумова, 1998: 3-5).

Хуторский бойынша кері диалогтың үшінші кезеңінде салыстырып сыннан өткізілген мәселені байыту жүзеге асырылады. Дәстүрлі білім беру жүйесімен салыстырғанда кері диалог арқылы жинақталған білім мен тұжырымдар кеңірек, әрі тереңірек сипатқа ие. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білім «дайын» түрде ұсынылып, оқушылар жаттап алуы мүмкін, бірақ информацияны ұғыну үрдісі болмайды.

Оқушы кері диалогтың ең соңғы сәтінде өзіндік тұжырымдары бар, өзіндік ұсыныс айта алатын «тұлға» болып қалыптасуы мақсатқа сай. Ал, оқушының өзіндік тұжырымдарының болуы мен өз бетінше ұсыныс айта алуы үшін оқушы бойында шығармашылық, ізденімпаздық және ұйымдастырушылық қабілеттер болуы талап етіледі.

1. Шығармашылық оқушының өз ойының болуы, оқушының ойы мен эмоциясының сәйкес келуі, сезімталдығы, қиялшылдығы, эмоцияның ұшқырлығы және т.б.

2. Ойлау қабілеттері-кез-келген тарихи оқиғаның себеп-салдарына қатысты сұрақ қоя алуы, мәселе бойынша өз бетінше ойлана алуы, ойдың ұшқырлығы.

3. Ізденімпаздық қабілеттері-іздену, үйрену, жаңашылдықты тани білу, алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жете білу, өз жұмысында, өз ойы мен тұжырымдарына кемшіліктерді аңғара білу.

Оқушылар Қазақстан тарихы сабағында жоғарыда аталған үш қабілеттерді диалогтық оқыту арқылы дамыту мүмкіндіктері зор. Диалогтың оқыту да, әсіресе кері диалогқа негізделген сабақта оқушы алдымен ой қозғаушы сұрақтардан, кейіннен талқылаушы сұрақтармен жалғастырылады. Оқушы өзін қызықтыратын сұраққа жауап ала отырып, өзі оқитын немесе зерттейтін мәселе жөнінде алғашқы түсінік алады. Келесі екінші кезекте оқушының алған алғашқы түсініктеріне қосымша оқулықтар мен оқу құралдары бойынша сол мәселе төңірегіндегі зерттеулер мен мағлұматтар талданады, осы мақсатта оқушы мен мұғалім арасында диалог жүргізіледі. Кейіннен сәйкесінше оқушы өзі алған өзіндік алғашқы түсініктер мен оқулық-оқу құралдарындағы материалдардың сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі көз жотырып, оқушы басқаның тұжырымдарын қабылдауды үйренеді. Нәтижесінде оқушы өзі алған жинақтаған білімді қайта қарастырады немесе тереңінен талдап, қабылдайды. Осы жоғарыда көрсетілген Қазақстан тарихы сабағында кері диалогты оқытудың 3 кезеңі басты сұраққа оқушының жауап ізденуіне бағытталған, ол сұрақтар:

-«нені зерттеймін?».

-««қалай» мен зерттеймін?» немесе «мен «қалай» зерттеу жүргіземін», тарихи оқиға мен тарих саласындағы әдебиеттерде, оқу құралдарында қалай сипатталған?

«неліктен», «неліктен мен зерттейтін» тарихи оқиғаға байланысты, менің түсініктерім мен оқу құралдарындағы мәліметтер сәйкес келмеді (Дүйсенбаева, 2011: 55).

Осы аталған сұрақтар оқушының ойлануына, креативтілігі мен шығармашылық, ізденімпаздыққа итермелейді, ең бастысы тарихи оқиғаларды ғылыми таным негізінде сұрыптай алуға үйретері сөзсіз. Ғылыми танымда белгілі бір мәселені ерекшелеп алып ол мәселе сипаттама жасалса, екінші кезеңде сол мәселенің қасиеттерінің арасындағы байланыстар ажыратылады, кейіннен ең соңынан сол мәселе жөніндегі ережелер талданады.

Кері диалогты тек Қазақстан тарихы сабағында емес бүкіл оқыту үрдісінде қолдану арқылы оқушының ғылыми тұрғыдан ойлана алдына қол жеткіземіз.

Диалогтық оқытуға негізделген Қазақстан тарихы сабағы.

Тақырыпты бекіту. Қазақстан тарихы сабағын оқытуда кері диалогты қолдану, әсіресе жаңа тарауды оқыту басталғанда өте тиімді. Өйткені, оқушылар жаңа мәселеге сұрақтар қойып, мән-жайын анықтау үшін алғашында белсенділік танытатындығы белгілі.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде мұғалім жаңа материалды жеткізуші, баяндаушы ролін атқарса, кері диалогта жаңа материал ұсынылады, ал оқушылар жаңа тақырып бойынша өз сұрақтарын қойып, мәселені, яғни жаңа тақырыпты өзі зерттейді. Мәселен, 5-сынып Қазақстан тарихы сабағында «Сақтар» тарауына келгенде оқушылар Сақтардың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы мен өмір салтына қатысты сұрақтарды топтастырып, алдын айтқандай «неге?», «қандай?», және «қай? Деген сұрақтарға жауапты мұғаліммен диалог арқылы іздейді. Егер пән есте ұстауға бағытталған мағлұматтарға толы болса, ол мағлұматтар ойлануды қажет етпесе онда диалогтық оқытуды қолданбауға болады. Қазақстан тарихы сабағында да диалогтық оқытуды араластырып сабақты ұйымдастыруға болады.

Кері диалогта әдісін қолдануда оң нәтижелерге қол жеткізу келесі жәйттерге байланысты:

-кері диалогты жүргізетін мұғалімнің тәжірибесіне.

-мұғалімнің сабаққа дайындығы мен өзіне деген сенімділік.

-сабақта диалогтық оқытуды қолданылуына, оқушылардың кері диалогпен жұмыс жасап үйренгендігіне.

-Қазақстан тарихы сабағында диалогтік оқытуды пайдалану оқушының белсенділік, емін-еркін қарым-қатынасқа түсе алуды талап етеді.

Кері диалогқа негізделген сабақта тиімділікке қол жеткізу үшін сабақтың алдына мақсаттар қойылады. Дәстүрлі білім беру жүйесінде мұғалім сабақтың алдына дамытушылық, білімділік және тәрбиелілік тұстарын ескереді. Мәселен, Қазақстан тарихы 5-сыныпта «Сақтар» бөлімінің бір тақырыбын оқытқанда «Сақтардың шаруашылығы мен тұрмысы туралы оқушыларға жеткізу, түсіндіру» деп білімділік мақсаты қойылады да мұғалім алдына жаппайлыққа негізделген мақсат қояды. Өйткені, оқушылардың жеке бас ерекшеліктері ескерілмейді. Себебі, оқушылардың әрқайсысының сабақты қабылдау қарқыны әр-түрлі оқушының сабақ тақырыбына қызығушылығы да әр-түрлі.

Мұғалім сондай-ақ өзін оқушыларға мағлұмат «жеткізуші» қызметін алуда. Сабақ шығармашыл тұрғыда өткізілуі үшін сабақ мақсатын «жеткізу», «түсіндіру» ретінде емес, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, оқушының танымдық қабілеттерін арттыру деп қою арқылы диалог арқылы оқыту үрдісі ұйымдастыру қажет болады.

Оқушының өзі зерттеуші болу үшін және де оқушы оқу үрдісінде өзінің жеке ғылыми өніміне қол жеткізу үшін дәстүрлі білім беру жүйесіндегідей сабаққа қойылатын мақсат нәтиже бермейді. Оқушыны зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыру үшін сабаққа қойылатын мақсат өзгеше болуы тиіс. Мәселен, жоғарыдағы Сақтардың шаруашылығы тақырыбы бойынша сабақтың мақсаты ретінде: Сақтардың шаруашылығы мен өмір салтын әрбір оқушы ұғынуына жағдай жасау деп сабаққа мақсат қою құптарлық.

Кері диалогқа негізделген сабақта мұғалім ғана емес, оқушылар да өз алдына мақсат қояды. Бұл кері диалогта сабақты жоспарлаудың бір сатысы болып табылады. Кері диалогқа негізделген сабақ оқушының сұрақ қоюына бағытталғандықтан жоғарыда айтқан болатынбыз. Сұрақ қою-оқушының диалогқа түсу арқылы білім алуына мүмкіндік беретін жол (Губайдулина, 2011: 35).

**Қорытынды.** Осылайша келесідей қорытынды жасай аламыз:



Біріншіден, Диалог-сабақтың өз деңгейінде өтілуіне әсер ететін оқу құралдарының бірі.

Екіншіден, егер адам оңай диалогқа түсе алатын болса, адамда ғылымилық қабілеті бәсеңдейді, алдына міндеттер қою, іздену, ой-бөлісу іспеттес қабілеттері төмен болады. ең бастысы өзгенің ой-тұжырымдарын тыңдай және сол пікірлерді қабылдау іспеттес маңызды қасиеттер байқалмайды.

Қорыта айтар болсақ, Қазақстан тарихы сабағында диалогты қолданудың артықшылықтарын келесідей тізімге жіктедік:

1. Өзгені тыңдау өзгенің тұжырымдарын қабылдауға немесе өз ұстанымдарын қорғауға үйренеді, өз ұстанымдарын диалогқа түсуші жоқтың ұстанымдарымен салыстыруға, ұжымда жұмыс жасауға, төзімділікке, шыдамдылыққа үйретеді.

2. Диалогқа түсу арқылы оқушы өзінің құндылықтарын анықтай алады. оқушы айналадағы болып жатқан құбылыстарды салыстырып, ажырата алады, оқушы диалог арқылы алдын сабақ үстінде, кейін өмірде мақсат қоюды үйренеді, шешім қабылдайды.

3. Сабақ үстінде оқушылар өз бетінше жұмыс жасауға үйренеді, өз бетінше өз іс-әрекеттеріне баға беруді және алдына мақсат-міндеттер қойып, соларға жету әрекеттерін жобалауды үйренеді.

4. Диалог арқылы оқушы өз құрдастарымен және өз педагогтарымен оқу іс-әрекетіне түсуге үйренеді, оқушы қарым-қатынасқа оңай түсе алатын тұлғаға айналады.

5. Диалог арқылы оқушы алдына мақсаттық болжам қоюды үйренеді.

6. Диалог арқылы оқушы жоспарлауды, өзіне өзі бақылау жасауға үйренеді.

7. Диалог арқылы оқушыда өзі алған біліміне талдау жасауға үйренеді.

8. Диалог арқылы оқушылардың өз бетінше ойлану, қиялдану қабілеттері дамиды.

9. Оқушы сабақ үстінде ізденімпаздық қабілеті дамып, өзі алған мағлұматты сараптап, талдау, сыннан өткізуді, шындыққа жататындығын анықтауға үйренеді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Коротаева Е. В. Учебный диалог: технология или искусство? // *Русский язык в школе*. 2008. № 4. С. 22-26.
2. Чижов С.А. ТЕХНОЛОГИЯ ПРОБЛЕМНО-ДИАЛОГОВОГО ОБУЧЕНИЯ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ// *Территория науки*. 2015. № 6., 71-73 стр
3. МУСТАКИМОВА Г.В. ВЕБ-СЕМИНАР КАК ОДНА ИЗ ФОРМ ДИАЛОГОВОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ//*Метеор-Сити.Наука развития*. №1/2016.,68-71 стр
4. Давыдова Г.И. Рефлексивный диалог преподавателя и студента в процессе обучения//*Вестник Московского университета МВД России* № 6 • 2008., 8-9 стр
5. Белова С.В. Диалог – основа профессии педагога: учебно-метод. пособие. М.: АПКУПРО, 2002. 148 с.
6. Зайцева Е. А., Коротаева Е. В. ВОЗМОЖНОСТИ УЧЕБНОГО ДИАЛОГА В ОБУЧЕНИИ И РАЗВИТИИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА//*ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА*. 2014., №2., 167-170 стр (Код ВАК 13.00.02)
7. Абакумова И.В. Личностные смыслы в образовательном процессе // *Методы психологии: Ежегодник Российского психологического общества*. Т. 3. Вып. 1. Ростов н/Д, 1997. С. 3–5.
8. Писарева Г. А. Диалоговые технологии обучения студентов. – М., 2008.,47 стр
9. Иванова С. Ф. Искусство диалога, или Беседы о риторике. Пермь: Западно-Уральский учебнонаучный центр, 1992.,102 стр.
10. Коротаева Е. В. Основы педагогики взаимодействий: теория и практика / Урал. гос. пед. ун-т. Екатеринбург, 2013., 146 стр
11. Иванова О.Э., Точилкина Т. Г. СОКРАТИЧЕСКИЙ ДИАЛОГ КАК ОБУЧЕНИЕ СОВМЕСТНОМУ РЕШЕНИЮ ПРОБЛЕМ//*Azimuth of Scientific Research: Pedagogy and Psychology*. 2017. Т. 6. № 3(20)
12. Бренифье О. Искусство обучать через дискуссию. Учебное пособие. – М.: Мозаика-Синтез, 2016. 128 с.
13. Иванова О.Э. Философская практика как обучение на протяжении всей жизни // *Современное общество и власть*. 2016. № 4 (10). С. 348-352.
14. Е.И. Санина. ДИАЛОГ КАК ОСНОВНОЙ ЭЛЕМЕНТ КОММУНИКАТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ//*ISSN 1991-5497. МИР НАУКИ, КУЛЬТУРЫ, ОБРАЗОВАНИЯ*. № 6 (31) 2011.108-109 стр
15. В.В. Суфиянов, Л.И. Белова,. ДИАЛОГ В ОБУЧЕНИИ КАК ТЕХНОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ СМЫСЛОБРАЗОВАНИЯ УЧАЩИХСЯ// *ИЗВЕСТИЯ ВУЗОВ. СЕВЕРО-КАВКАЗСКИЙ РЕГИОН. ОБЩЕСТВЕННЫЕ НАУКИ. СПЕЦВЫПУСК*. 2006. ISSN 0321–3056.,66-67 стр
16. Король А.Д. Как подготовить и провести урок-диалог// *ШКОЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ*, 04.04.2013.83-99 стр
17. Кудашов В. И. Диалогичность сознания как фактор развития современного образования: сущность и специфика взаимосвязи : автореф. дис. . . . д-ра пед. наук / Иркут. гос. ун-т. Иркутск, 1999
18. Абакумова И.В. Личностный смысл как компонент личностной модели образовательного процесса // *Психология и практика: Ежегодник Российского психологического общества*. Т. 4. Вып. 2. Ярославль, 1998. С. 3–5.
19. Губайдуллина Г.Н., Педагогиканы оқыту әдістемесі.- Оқулық; Алматы,2011.-35- 37 б.
20. Дүйсенбаева А.О., Оқыту процесіндегі диалогтік оқыту технологиясының маңыздылығы//*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика» сериясы*.- №4(27).- 2011.-55-57 б.

